

**8D014 «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты бойынша
(6D012000- «Кәсіптік оқыту» мамандығы) философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Исакова Гульнур Оралбаевнаның «Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру» тақырыбында дайындалған диссертациясы бойынша тағайындалған ресми рецензент Утебаев Исатай Сейтовичтің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/ немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/ немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>XXI ғасыр басындағы білім берудің мазмұнында, мақсаты мен бағыт-бағдарларында маңызды белең алып отырған өзгерістер ҚР «Білім туралы» Заңының 1 бабына сәйкес, білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, азаматтардың материалдық және рухани әл-ауқатын жақсарту үшін адами капиталды дамытуға, барлық азаматтар үшін сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы экономиканың тұрақты өсуіне бағдарлайды.</p> <p>Қазіргі заманғы педагогика және психология ғылымында жүйелілік тұғыр мәселесі білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін мақсатқа бағытты құбылыс, үдеріс ретінде қарастыруға тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан жоғары білім беру үдерісінде жүйелілік тұғырдың ішкі табиғатын, құрылымын және оны дамыту мүмкіндігін теориялық, практикалық және әдістемелік деңгейде зерттеудің қажеттілігі қарастырылып отырған жүйелілік тұғыр ұғымының өзектілігін айқындай түседі.</p> <p>Осы орайда, диссертанттың жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруға бағытталған ғылыми жұмысы қазіргі кезде көкейтесті өзекті мәселелердің бірі және «С.Сейфуллин атындағы Қазақ</p>

			агротехникалық университеті» КеАҚ мамандарды жеделдете даярлау ғылыми-зерттеу орталығының құрамдас бір бөлігі болып табылады.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ ашылмаған.	<p>Диссертанттың зерттеу барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде кәсіптік білім берудің дамуына елеулі үлесін қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі.</p> <p><i>Біріншіден</i>, жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу, зерделену дәрежесін анықтау арқылы елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p><i>Екіншіден</i>, жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру аумағында жүзеге асыратын (оқу үдерісінде) және болашақтағы (кәсіби) іс-әрекетінің бағдарлық негізінің мәнін айқындау бойынша елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p><i>Үшіншіден</i>, жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделін жасау арқылы елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p><i>Төртіншіден</i>, жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруға практикалық көмек ретінде ғылыми-әдістемелік еңбектер жасалынған, оқу үдерісіне енгізілуі елеулі үлесін қосады, оның практикалық маңыздылығы ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен;	Диссертациялық жұмысты жазуда докторант Г.О. Исакова <i>өзі жазу принципін</i> ұстанған. Автор диссертацияны жазу барысында

		4) өзі жазбаған	ғылыми мәлімет беруді көздеген. Барлық талданған ақпараттар дербес, әрі түсінікті, мағыналы құрылымды сақтай келе, өзара үлесіп, автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлік принципіне келсек, оның өзектілігі талапқа сай негізделіп дайындалған.</p> <p>Диссертация өзектілігінің негіздемесі тақырыптың өзектілігі, мақсаты, міндеттері, зерттеу әдістері, ғылыми жаңашылдығы, диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы, зерттеу нысаны мен пәні ішкі бірлік принципіне негізделген.</p> <p>Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері және әзірленген жүйелілік тұғырдың әдістері кәсіптік білім беруде қолдануға, теориялық және әдістемелік нұсқауларды білім алушылардың жүйелілік ойлау және жүйелілік тұғыр біліктері мен дағдыларын қалыптастыру барысында пайдалануға болады. Зерттеу жұмысы мен эксперимент нәтижелері жоғары оқу орны оқу үдерісінде жүйелілік тұғырды жүзеге асыру бойынша жүргізілген басқа да зерттеулерді салыстырмалы талдауда көмекші құрал ретінде ұсынуға болады.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес	Диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының мақсаты:

	<p>келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруды теориялық негіздеу және әдістемесін жасау. Зерттеу мақсатына жету үшін келесі <i>міндеттер</i> алға қойылған: – жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жүйелілік тұғыр негізінде ғылыми-теориялық тұрғыда зерделену дәрежесін анықтау; – жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру аумағында жүзеге асыратын (оқу үдерісінде) және болашақтағы (кәсіби) іс-әрекетінің бағдарлық негізі мәнін айқындау; – жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделін жасау; – жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруды жүзеге асыру әдістерін анықтау; – жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру әдістемесін дайындау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру, ұсыныстар жасау.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы <i>логикалық байланысқан</i>: <i>Кіріспе</i> бөлімінде зерттеу тақырыбының көкейкестілігі дәлелденіп, ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезеңдері мен базасы, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы,</p>

		<p>нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі көрсетілді.</p> <p><i>«Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері»</i> тақырыбындағы бірінші бөлімінде жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша теориялық және практикалық зерделену деңгейі анықталды. Жүйелілік тұғыр білім алушының кәсіби құзыреттілігін заманауи шындықтың жүйелі құбылысы және күрделі динамикалық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Білім алушылардың оқу үдерісінде жүзеге асыратын (оқу үдерісінде) және болашақтағы (кәсіби) іс-әрекеттің бағдарлық негізі, мақсаттарға қол жеткізу және қойылған міндеттерді шешу құралы ретінде айқындалып, білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жүйесінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынған.</p> <p><i>«Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары»</i> тақырыбындағы екінші бөлімде жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру технологиялары және білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру моделін жүзеге асыру бойынша тәжірибелік - эксперимент нәтижелері келтіріліп, ұсыныстар берілген.</p> <p><i>Қорытындыда</i> теориялық және эксперименттік жұмыстардың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен ұсыныстар берілген.</p> <p><i>Қосымшада</i> тәжірибелік - эксперимент жұмыстарының</p>
--	--	---

			материалдары мен ғылыми - зерттеу жұмысы нәтижелерін ендіру актілері көрсетілген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа шешімдерге тоқталатын болсақ, жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырдың ғылыми-теориялық негіздерін анықтауда, білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру аумағында жүзеге асыратын және болашақтағы іс-әрекетінің бағдарлық негізі мәнін айқындауда, құрылымдық-мазмұндық моделін жасауда, білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруды жүзеге асыру әдістерін анықтап, әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексерілген <i>сыни талдау бар</i> және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертант зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесі нәтижелерге қол жеткізген және толығымен жаңа: – зерттеу нәтижесінде ұсынылған <i>бірінші нәтиже</i> , «Білім алушының кәсіби құзыреттілігі» анықтамасы берілген; – зерттеу нәтижесінде ұсынылған <i>екінші нәтиже</i> , жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру аумағында жүзеге асыратын (оқу үдерісі) және болашақтағы (кәсіби) іс-әрекетінің бағдарлық негізінің мәні және құрылымы. – зерттеу нәтижесінде ұсынылған <i>үшінші нәтиже</i> , ЖОО білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың бес негізгі компоненттері: талаптар (нарық,

			<p>экономика, заңнама және т.б. стандарттар); мақсат; «кіру-үдеріс-шығу» санаттарындағы білім беру үдерісі; мақсатты бағдарламалар (білім алушыларды кәсіби даярлау, болашақ мамандарды кәсіби әлеуметтендіру, тұлғалық және кәсіби маңызы сапаларды жан-жақты дамыту, жүйелілік мағлұматтарды, жүйелілік тұғыр біліктері мен дағдыларын дамыту); болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігінің негізін құрайтын, білім алушылардың мақсатты бағдарламаларына сәйкес келетін құзыреттерден тұратын тұжырымдамалық моделі.</p> <p>– зерттеу нәтижесінде ұсынылған <i>төртінші нәтиже</i>, білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін, жүйелілік мағлұматтарын, жүйелілік ойлау және жүйелілік тұғыр біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағдарланған жүйелілік тұғыр әдістері.</p> <p>– зерттеу нәтижесінде ұсынылған <i>бесінші нәтиже</i>, тәжірибелік-эксперимент жұмысын нақты жағдаятты жүйелілік зерделеу әдісімен жүзеге асыру мазмұны және нәтижелері.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Г.О. Исакованың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен толығымен жаңа болып табылады. Диссертацияның қорытындылары деп келесілерді айтамыз.</p> <p>1.Ғылыми-теориялық зерттеулерді талдау негізінде «Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру» ұғымына</p>

мынадай анықтама «Жүйелілік тұғыр негізіндегі білім алушының кәсіби құзыреттілігі, жеке тұлғаның әлеуметтік-тұлғалық, кәсіби-маңызды сапалары, белгілі бір жүйелілік мағлұматтары, сондай-ақ білім алушының кәсіби іс-әрекетті үздіксіз жетілдіру және дамыту жағдайында саналы жауапкершілікпен жүзеге асыруға дайындығын қамтамасыз ететін жүйелілік тұғыр біліктері мен дағдылары құзыреттерінің жиынтығы және динамикалық жүйе ретінде анықтаймыз» деп берілген.

2. Кәсіби құзыреттіліктің дәстүрлі қалыптасуын жүйелілік зерделеу осы үдерістің негізгі жүйе құраушы компоненттерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берген. Диссертацияда кәсіптік білім берудің келесідей компоненттеріне: 1) білім алушылардың кәсіби дайындығы; 2) білім алушылардың болашақ маман ретінде кәсіби әлеуметтенуі; 3) білім алушылардың тұлғалық және кәсіби маңызды сапаларын дамыту; 4) болашақ мамандардың жүзеге асыратын оқу және болашақтағы кәсіби іс-әрекетінде жүйелілік тұғырды жүзеге асырудың жүйелілік мағлұматтарын, білік пен дағдыларын дамыту; 5) білім алушылардың білім, білік және дағдыларын қолдану қабілетін: «стандарт», «шығармашылық» және «зерттеу» деңгейлерінде арнайы құзыреттерді дамыту *толығымен жаңа болып табылады.*

3. ЖОО түлегінің кәсіби құзыреттілігі тек тікелей кәсіби қызмет саласында ғана дамудың нақты бағыттары мен міндеттерін алатынын ескере отырып, зерттеуде білім алушының кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды кезеңі – оның болашақтағы кәсіби іс-әрекетінің бағдарлық негізін қалыптастыруды бөліп көрсету ұсынылған. Білім беру үдерісіне жүйелілік тұғыр негізіндегі

			<p>технологиялар мен әдістерді пайдалану, білім алушыларда жүйелілік мағлұматтардың және жүзеге асыратын, болашақтағы кәсіби іс-әрекетінде жүйелілік тұғырдың білік пен дағдыларын белсенді дамуына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде кәсіби білім берудің жоғарыда аталған компоненттерін жүзеге асыру тиімділігі мен сапасын айтарлықтай арттыруы <i>толығымен жаңа болып табылады.</i></p> <p>4. Білім алушыларда танымдық және өзге де қызметінде жүйелілік тұғырдың біліктері мен дағдыларын дамытудың қажетті педагогикалық шарттары айқындалған. Сондай-ақ оқытушылардың осы үдерісті іске асыруға дайындығы мен білім алушылардың саналы да мақсатты қатысуын қамтамасыз еткен.</p> <p>5. Білім алушылардың жүйелілік тұғыр біліктері мен дағдыларын және тиісті жүйелілік мағлұматтарын тиімді дамуын қамтамасыз ету үшін жүйелілік әдістермен үйлесімділікте пайдаланылатын нақты жағдаятты жүйелілік зерделеу әдісі әзірленуі <i>толығымен жаңа болып табылады.</i></p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жана емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін пайдаланылатын техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер <i>толығымен жаңа</i> және негізделген болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде	Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен қорытындылар педагогика мен кәсіби білім беруде болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлау бойынша пәндерді оқыту

		негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, әдіснамалық тұғырлар мен қағидалар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар кәсіптік білім беруде қолдануға, білім алушыларда жүйелілік ойлау және жүйелілік тұғыр біліктері мен дағдыларын қалыптастыру барысында пайдалануға болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1. Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. Докторант қорғауға бірқатар негіз қалаушы <i>қағидаларды ұсынған</i>. Олар жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері, анықтамасы, білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру аумағында жүзеге асыратын (оқу үдерісінде) және болашақтағы (кәсіби) іс-әрекетінің бағдарлық негізі мәні және құрылымын, құрылымдық-мазмұндық моделі және білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін, жүйелілік мағлұматтарын және жүйелілік тұғыр білік пен дағдыларын қалыптастыруға бағдарланған жүйелілік тұғыр әдістерінен, тәжірибелік-эксперимент жұмысын нақты жағдаятты жүйелілік зерделеу әдісімен жүзеге асыру мазмұны және нәтижелерінен тұрады.</p> <p>7.2. Қорғауға ұсынылған қағидалар <i>тривиалды емес</i>, себебі өзіндік түпнұсқалық жаңалыққа ие.</p> <p>7.3. <i>Ия</i>, қорғауға ұсынылатын қағидалар жаңа болып табылады.</p> <p>7.4. <i>Қолдану деңгейі ауқымды</i>. Ұсынылған әдістеме ЖОО білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру тиімділігін арттырады.</p> <p>7.5. <i>Ия, дәлелденген</i>. Зерттеу нәтижелер докторанттың 18 ғылыми еңбегінде жарық көрген.</p>
8.	Дәйектілік	8.1 Әдістеменің	Зерттеу жұмысында қолданған

<p>принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>дереккөздерге: мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға, тұжырымдамалары, оқулықтар мен оқу- әдістемелік құралдар, электрондық оқу құралдары, педагогиканың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері мен автордың педагогикалық, ғылыми іс- тәжірибелеріне негізделген нақты әдістеме ұсынылған. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі сақталған.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертант жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін алынған диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Оған дәлел, контент талдау, тұжырымдау, кластерлік құрылымдау, салыстыру, педагогикалық диагностика, педагогикалық модельдеу; зерттеу бойынша алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық тұрғыдан өңдеу сияқты зерттеу әдістерін пайдалана отырып, тиісті ғылыми нәтижелерге қол жеткізілуі.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент</p>	<p>Г.О. Исакованың «Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясында тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарына «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті 5В012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығының 2, 3, 4 курстарында оқитын білім алушылар, олардың жалпы саны 141. Эксперименттік топтағы білім алушылар саны - 73 (С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ), бақылау тобындағы</p>

		<p>негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>білім алушылар саны – 68 (М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті) қатысқандығы педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді.</p> <p>Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық, ғылыми нәтижелердің мазмұны 18 еңбекте жарық көрген.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Scopus халықаралық деректер базасына кіретін журналдарда – 3; – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету бақылау комитеті ұсынған басылымдарда - 3; – халықаралық ғылыми-әдістемелік журналдарда - 2; – халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында - 3; – Республикалық деңгейдегі конференциялар материалдары және ғылыми-әдістемелік мақалалар жинағында - 2 мақала жарияланған; – 5 оқу-әдістемелік еңбектері: 2 оқу құралы, 1 монография жарық көрді және 2 электронды оқулық әзірленіп, авторлық куәліктер алынған.
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған/ расталмаған</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп <i>танылатын және сенімді</i> дереккөздер саны 185 әдебиетті құрайды.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі <i>әдеби шолуға жеткілікті</i> қарастырылған. Зерттеу тақырыбы бойынша шетел, алыс жақын және отандық ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жүргізілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 185.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	<p>Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар. Атап айтсақ:</p> <ul style="list-style-type: none"> – жоғары оқу орны білім

	<p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері анықталып, талдау жасалынған;</p> <p>– жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың құрылымы анықталған;</p> <p>– болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру аумағында білім алушылардың жүзеге асыратын және болашақтағы іс-әрекетінің бағдарлық негізінің мәні, теориялық маңыздылығы өзектендірілген;</p> <p>– «құзырет», «құзыреттілік» және «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарына қатысты философиялық, экономикалық, психологиялық, педагогикалық зерттеулер, құзыреттілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, мақсатты-бағдарламалық тұғыр, жүйелілік тұғыр негізіндегі ғылыми-теориялық, әдіснамалық еңбектерге негізделіп, жүйелілік тұғыр негізінде білім алушылардың кәсіби құзыреттілігі ұғымына анықтама берілген.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p><i>Диссертацияның практикалық маңыздылығы:</i> диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері және әзірленген жүйелілік тұғырдың әдістері кәсіптік білім беруде қолдануға болады; теориялық және әдістемелік нұсқауларды білім алушылардың жүйелілік ойлау және жүйелілік тұғыр біліктері мен дағдыларын қалыптастыру барысында пайдалануға болады; зерттеу жұмысы мен эксперимент нәтижелері жоғары оқу орны оқу үдерісінде жүйелілік тұғырды жүзеге асыру бойынша жүргізілген басқа да зерттеулерді салыстырмалы талдауда пайдалануға болады.</p> <p>Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін</p>

			<p>жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруға практикалық көмек ретінде ғылыми-әдістемелік еңбектер жасалынып, оқу үдерісіне енгізілді:</p> <p>– оқу құралдары:</p> <p>1. Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (ISBN 978-601-257-109-7); 2. Формирование профессиональной компетентности будущих специалистов: системный подход (2019 ж. орыс тілінде).</p> <p>– монография:</p> <p>Формирование системного мышления и творческих способностей обучающихся: теоретический аспект (ISBN 978-985-582-274-6), Гродно, Беларусь Республикасы.</p> <p>– электронды оқулықтар:</p> <p>1. Формирование профессиональной компетентности обучающихся высших учебных заведений (авторлық күәлік №13027, 4.11.2020); 2. Технология обучения на основе системного подхода (авторлық күәлік №19922, 26.08.2021).</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>		<p>Практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады:</p> <p>1) Жалпы, білім беру үдерісінде қолданылатын барлық технологиялар мен әдістер кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуына, болашақ мамандарды даярлауға негіз болатын білім, білік пен дағдылар жүйесін дамытуға қызмет етеді. Мұндай әдістерге контекстік оқыту технологиясы, проблемалық және белсенді оқыту әдістері (жоба әдісі, нақты жағдаяттарды талдау, кейс әдісі және т.б.) сонымен қатар жүйелілік тұғырға негізделген әдістер:</p> <p>– зерделенетін нысандарды жүйелілік талдау, талдау үдерісінде анықталған ақпаратты синтездеу және қорыту, қарастырылатын нысан туралы зерделенетін ақпарат жүйесінің тұжырымдамалық моделін құру ұштасқан әдістер;</p> <p>– қарастырылатын нысан туралы</p>

			<p>акпараттарды жүйелілік құрылымдау, зерделеу және жинақталған түрде ұсыну;</p> <p>– нақты жағдаятты жүйелілік зерделеу әдісі (НЖЖЗ әдісі).</p> <p>Аталған әдістерді дәстүрлі, проблемалық және белсенді оқытудың технологиялары мен әдістерімен ұштастыра отырып, үйлесімді түрде пайдалану ұсынысы <i>толығымен жаңа</i>;</p> <p>2) Теориялық және әдістемелік нұсқауларды білім алушылардың жүйелілік ойлау және жүйелілік тұғыр біліктері мен дағдыларын қалыптастыру барысында пайдалануға болады ұсынысы <i>толығымен жаңа</i>;</p> <p>3) Зерттеу жұмысы мен эксперимент нәтижелері жоғары оқу орны оқу үдерісінде жүйелілік тұғырды жүзеге асыру бойынша жүргізілген басқа да зерттеулерді салыстырмалы талдауда пайдалануға болады ұсынысы <i>толығымен жаңа</i>;</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Зерттеу жұмысының академиялық жазу және ресімдеу сапасы <i>жоғары</i>, талаптарға сәйкес орындалған.</p> <p>Исакова Гульнур Оралбаевнаның «Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған талаптарға сәйкес орындалған және 8D014 «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты бойынша (6D012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығы) философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге лайықты деп есептеймін.</p>

Ресми рецензент, п.ғ.к.,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
«Көлік техникасы, тасымалдауды
ұйымдастыру және құрылыс»
кафедрасының меңгерушісі



И.С. Утебаев